

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Украина
Министрлер Кабинеті арасында "Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен
украиндық-қазақстандық-ресейлік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамының дамуына
және оның қызметіне жәрдемдесу туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 408 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы "Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен украиндық-қазақстандық-ресейлік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамының дамуына және оның қызметіне жәрдемдесу туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы "Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен украиндық-қазақстандық-ресейлік кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамының дамуына және қызметіне жәрдемдесу туралы келісім жасасуға өкілеттігі берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен
Украина Министрлер Кабинеті арасындағы
"Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен украиндық-қазақстандық-ресейлік
кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамының дамуына және оның қызметіне
жәрдемдесу туралы**

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Украина Министрлер Кабинеті,

Ядролық қаруды таратпау туралы 1968 жылғы 1 шілдедегі шарттың мақсаттарына
ж а қ т а у ш ы л ы қ т ы р а с т а й о т ы р ы п ,
атом энергетикасы объектілерін сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету

үшін өз мемлекеттерінің халықтары мен халықаралық қауымдастық алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып,

Ядролық қауіпсіздік туралы 1994 жылғы 17 маусымдағы Конвенцияның міндеттемелері орындалуының бұлжымайтындығын растай отырып,

Өндірістік, коммерциялық, несиелік-қаржылық, сақтандырушылық және аралас трансұлттық бірлестіктер құруға және дамытуға жәрдемдесу туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,

Украинада құрылған және тіркелген, әрі қарай бірлескен кәсіпорын деп аталатын " Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен украиндық-қазақстандық-ресейлік кәсіпорны " жабық акционерлік қоғамын дамыту Украинаның атом электр станцияларын бәсекелесуге қабілетті ядролық отынмен қамтамасыз етуде Тараптардың мүдделіліктеріне жауап беретіндігін және Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Украинаның атом энергетикасының өнеркәсіптік кешендерінің кооперациялық байланыс деңгейін арттырудың маңызды факторы болып табылатындығын ескере отырып,

экономикалық тиімділік, тең құқықтық және өзара пайдалылық қағидаттарына сүйеніп,

төмендегі туралы келісті:

1-бап

Тараптар тең бастамада Украина атом электр станцияларының ВВЭР-1000 реакторлары үшін дайын жылу бөлетін жинақтамалар түріндегі бәсекелесуге қабілетті ядролық отын (әрі қарай - ядролық отын деп аталады) өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорынның дамуына және қызметіне жәрдемдеседі.

Ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорынның дамуы және қызметі өзіне:

а) 2002 - 2004 жылдарда:

- Осы Келісімді орындау үшін қажетті өндірістік қуаттарды дайындау;

- қызметшілерді оқыту;

- цирконийлік өнімді, соның ішінде қорытпа мен прокатты, сондай-ақ ядролық отын өндіру үшін жинақтамалық бұйымдарды дайындау технологияларын игеру;

- Украина атом электр станцияларының ВВЭР-1000 реакторларында жетілдірілген ядролық отынды игеруге байланысты реактордың белсенді аймағын жобалау;

- ядролық отынның жеткізілімін жоспарлау мен ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды бақылау мен үйлестіруді жүзеге асыруды;

б) 2005-2010 жылдарда осы Келісімнің 2-бабына сәйкес белгіленетін атқарушы ұйымдармен бірлесіп ядролық отын өндірісін ұйымдастыруды қамтиды.

2-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Атом энергиясы жөніндегі министрлігі;

Украина Тарапынан - Украинаның Отын және энергетика министрлігі Тараптардың құзыретті органдары (әрі қарай - құзыретті органдар) болып табылады.

2. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін құзыретті органдар өз өкілеттіктеріне сәйкес Тараптардың әрқайсысынан атқарушы ұйымдарды (әрі қарай - атқарушы ұйымдар деп аталады) белгілейді.

3. Тараптар өздерінің құзыретті органдарына бірлескен кәсіпорын мен атқарушы ұйымдар арасындағы осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты үйлестіруді, сондай-ақ оның іске асырылуына бағытталған шаралардың орындау үшін бақылауды жүзеге асыруды тапсырады.

4. Ядролық отынды дайындау үшін қажетті өндірістік қуаттарды пайдалануды оңтайландыру мақсатында, осы Келісімге сәйкес, Тараптардың құзыретті органдары жәрдемдеседі, ал тиісті атқарушы ұйымдар өз мемлекеттерінің аумақтарында келісілген жоспар бойынша өндірістік қуаттарды дамытуды жүзеге асырады.

5. Осы Келісімнің шеңберінде тауарлар жеткізілімі, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді орындау, тауарлар жеткізілімі, (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді орындау) көлемдерін, бағаларды, төлем шарттарын, тауарлар жеткізілімі (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді орындау) кестелерін, тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершіліктерін регламенттейтін бірлескен кәсіпорын мен атқарушы ұйымдары арасында жасалатын шарттар (келісім-шарттар) негізінде жүзеге асырылады. Құзыретті органдар көрсетілген шарттарды (келісім-шарттарды) жасасуға және іске асырылуына жәрдемдеседі.

6. Осы баптың 1-тармағында белгіленген құзыретті органдардың бірі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда оның құқықтары мен міндеттері осы Келісім бойынша құқықтық мұрагеріне немесе тиісті Тарап тағайындайтын өзге органға өтеді. Тараптар басқа құзыретті органның тағайындалуы туралы ноталар алмасу жолымен дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

Қазақстан мен Ресей Тараптары және олардың құзыретті органдары бірлескен кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

Украина Тарапы және оның құзыретті органы, Украина заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, бірлескен кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

4-бап

1. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Тарапы ядролық отынның жеткізілімі үшін жеткілікті көлемде және ресейлік өндірістегі отын таблеткаларының бағаларымен бәсекелесе алатын баға бойынша отын таблеткаларының жеткізілімін қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Ресей Тарапы бағасы уранның тотықша-тотығы, оны байыту мен конверсиялаудың базистік бағаларына сүйене отырып құралатын байытылған уран шикізатының жеткізілімін қамтамасыз етеді.

Ресей Тарапы 2010 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде DDU ресей-украина шекарасы шарттарында (2000 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен "Инкотермс" сауда-саттық терминдеріне түсінік берудің халықаралық ережелеріне сәйкес) 1996 жылғы 8 мамырдағы жағдай бойынша бекітілген мынадай базистік бағаларды,

кепілдендіреді:

уранның тотықша-тотығы - уранның 1 кг. үшін 18 (он сегіз) АҚШ доллары,
уранды байыту - айыру жұмысының бір бірлігіне 75 (жетпіс бес) АҚШ доллары;
уранды конверсиялау - 1 кг. уран үшін 6 (алты) АҚШ доллары.

Келтірілген базистік бағалар байытылған уран шикізатының бағасын есептеу күніне үстемелеуге жатады.

3. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Украина Тарапы:

бірлескен кәсіпорынды түпкілікті өнім жеткізілімі түріндегі қызметтердің толық кешенін ұсынатын ядролық отынды тәуелсіз жеткізуші деп таниды;

бірлескен кәсіпорынға ядролық отынды өндіру үшін қажетті жабдықтардың, материалдар мен жинақтамалардың жеткізіліміне жәрдемдеседі;

2010 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде тек қана бірлескен кәсіпорын өндіретін ядролық отынды сатып алуды жүзеге асырады, бірлескен кәсіпорын Украинаның атом электр станцияларын ядролық отынмен толықтай қамтамасыз етпеген жағдайда тегі ресейлік ядролық отынды сатып алуды жүзеге асыруға міндеттенеді. Осы міндеттеме 2010 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Ресей Тарапы растауы тиіс, ядролық отын өндірісі үшін байытылған уран шикізатының бағасы туралы Ресей мен Украина Тараптарының атқарушы ұйымдары арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілген жағдайда күшінде қалады.

4. Тараптар осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында

ұлттық заңнамаға сәйкес Тараптардың құзыретті органдарына, атқарушы ұйымдарға және бірлескен кәсіпорынға өз мемлекеттерінің аумақтары бойынша ядролық материалдарды тасымалдауға байланысты мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

5-бап

1. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Тарапының құзыретті органы мен атқарушы ұйымдары Украина атом электр станцияларының ВВЭР-1000 реакторларының жылу бөлгіш жинақтамаларын жасап шығару үшін отын таблеткаларының өндірісі мен жеткізілімін қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Ресей Тарапының құзыретті органы мен атқарушы ұйымдары:

бірлескен кәсіпорын ядролық отынның жеткізілімін бастағанға дейін шарттармен (келісім-шарттармен) көзделген жағдайларда Украина атом электр станциялары үшін ядролық отынның жеткізілімін қамтамасыз етеді;

Украина атом электр станцияларының ВВЭР-1000 реакторларының жылу бөлгіш элементтері мен жылу бөлгіш жинақтамаларын өндіруді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Тарапының атқарушы ұйымдарын Украина атом электр станцияларына ядролық отын жеткізілімінің жеткілікті көлемде Украина атом электр станцияларының ВВЭР-1000 реакторларының жылу бөлгіш жинақтамаларын өндіру үшін отын таблеткаларын жасап шығаруға тапсырыстармен қамтамасыз етеді;

бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету мақсатында ядролық отынды жетілдіру үшін Тараптар мемлекеттерінің ғылыми, технологиялық, конструкторлық және өндірістік әлеуетін тартуға көмектеседі;

бірлескен кәсіпорынға Украинада цирконий мен оның жартылай фабрикатын өндіруге қажетті материалдардың (химиялық реагенттерді қоса алғанда) жеткізуін қамтамасыз етеді.

3. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Украина Тарапының құзыретті органы мен атқарушы ұйымдары:

- ядролық отын дайындау үшін пайдаланылатын цирконийлік прокат өндірісін;
- ядролық отын дайындау үшін пайдаланылатын жинақтамалық бұйымдар өндірісін қамтамасыз етеді.

6-бап

1. Тараптар арасындағы ядролық материалдардың, жабдықтардың, арнайы ядролық емес материалдардың және осы Келісім шеңберімен қамтылған тиісті технологиялардың экспорты мен импорты 1968 жылғы 1 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы шарттан және басқа да халықаралық шарттар мен Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын уағдаластықтардан туындайтын

Тараптардың міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Тарапы осы Келісімнің шеңберінде Ресей Федерациясынан немесе Украинадан импортталатын ядролық материалдардың, жабдықтың, арнайы ядролық емес материалдардың және тиісті технологиялардың, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың, қондырғылар мен жабдықтың:

ядролық қаруларды және басқа да ядролық жарылғыш құрылғылар өндіру үшін немесе қандай да болмасын әскери мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылмайтындығына;

Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының барлық бейбіт ядролық қызметін қамтитын 1994 жылғы 26 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында немесе юрисдикциясының қарауында нақты болатын барлық мерзім ішінде МАГАТЭ кепілдіктерінде болатындығына;

МАГАТЭ ұсынатын деңгейлерден төмен емес деңгейлерде физикалық қорғау шараларымен қамтамасыз етілетіндігіне;

Ресей Тарапының жазбаша рұқсаты немесе Украина Тарапының жазбаша рұқсаты бар болған кезде және осы тармақпен көзделген жағдайларда ғана қайта экспортталатындығына (экспортталатындығына) немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциялық қарауынан тапсырылатындығына кепілдік береді.

3. Украина Тарапы осы Келісімнің шеңберінде Ресей Федерациясынан немесе Қазақстан Республикасынан импортталатын ядролық материалдардың, жабдықтың, арнайы ядролық емес материалдардың және тиісті технологиялардың, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың, қондырғылар мен жабдықтың:

ядролық қаруларды және басқа да ядролық жарылғыш құрылғылар өндіру үшін немесе қандай да болмасын әскери мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылмайтындығына;

Украина мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі арасындағы Украинаның барлық бейбіт ядролық қызметін қамтитын 1995 жылғы 21 қыркүйектегі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге сәйкес Украинаның аумағында немесе юрисдикциясының қарауында нақты болатын барлық мерзім ішінде МАГАТЭ кепілдіктерінде болатындығына;

МАГАТЭ ұсынатын деңгейлерден төмен емес деңгейлерде физикалық қорғау шараларымен қамтамасыз етілетіндігіне;

Ресей Тарапының тиісінше жазбаша рұқсаты немесе Қазақстан Тарапының жазбаша рұқсаты бар болған кезде және осы тармақпен көзделген жағдайларда ғана қайта экспортталатындығына (экспортталатындығына) немесе Украинаның юрисдикциялық

қарауынан тапсырылатындығына кепілдік береді.

4. Егер Тараптар өзгеше келіспесе, ядролық материалдар қосымша байытылмайды немесе қайта өңделмейді, ал жабдық - өзгертуге тартылмайды.

5. Қазақстан және Украина Тараптары осы Келісім шеңберімен қамтылған екі ұдай мақсаттағы жабдықтарды, материалдарды және тиісті технологияларды немесе олардың кез келген туынды көшірмелерін ядролық жарылғыш құрылғылар құру жөніндегі қандай да болмасын қызметке немесе МАГАТЭ кепілдіктеріне кірмейтін қызметке пайдаланбайды.

7-бап

1. Әрбір Тарап осы Келісімді орындау кезінде атқарушы ұйымдар, коммерциялық және өнеркәсіптік құпияларды, сондай-ақ ноу-хауды қоса алғанда, алмасатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін сол мемлекеттің ұлттық заңнамасымен көзделінген барлық шараларды қабылдайды.

2. Осы Келісім шеңберіндегі жұмыстарды орындау және қызмет көрсетулерді ұсыну барысында атқарушы ұйымдар беретін немесе құратын зияткерлік меншіктегі объектілерге арналған құқықтық қорғау және құқықтарды бөлу мәселелері Тараптардың ұлттық заңнамасымен реттеледі және айқындалады. Осы Келісім бойынша ынтымақтастық шеңберінде техникалық шешімдердің және өзге де зияткерлік меншік объектілерінің тапсырылуы өзінен кейін, егер Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес тиісті қазақстандық, ресейлік және украиналық атқарушы ұйымдар арасында жасалатын шарттармен (келісім-шарттармен) егер, өзгеше көзделмесе, мұндай шешімдер мен объектілерге авторлық құқықтарды тапсыруға ұрындырмайды.

3. Қатысушы болып табылмайтын тарапқа осы Келісімнің шеңберінде орындалған бірлескен әзірлемелер туралы кез келген ақпарат Тараптардың құзыретті органдарының жазбаша түрде ресімделген өзара келісімі бойынша тапсыруы мүмкін.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты даулар консультациялар және келіссөздер жолымен немесе Тараптармен келісілген өзге де рәсімдердің көмегімен шешіледі.

9-бап

Қажет болған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары олардың біреуінің ұсынысы бойынша осы Келісімді іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қарау үшін кездесулер өткізеді.

10-бап

1. Тараптар осы Келісімнің ережелерін коммерциялық басымдықтарды алу мақсатында немесе басқа Тараптың коммерциялық байланыстарына шектеулер жасау үшін пайдаланбайды.

2. Осы Келісім қатысушылары Тараптар мемлекеттері болып табылатын басқа да шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімді орындауға байланысты ақпарат алмасу үшін ресми тіл ретінде орыс тілі пайдаланылады.

13-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады, қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін Тараптардың барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарламасының күнінен бастап күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің күшін оның екі жылдық кезеңінің өтуі бойынша қалған Тараптарға тиісті жазбаша хабарлама жіберу жолымен күшін тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісімнің күші Тараптардың бірінің осындай жазбаша хабарлама берген күнінен бастап екі жылдық кезеңінің өтуі бойынша тоқтатылады. Осы Келісім күшінің тоқтатылуы бірлескен кәсіпорын мен атқарушы ұйымдардың оның әрекеті кезеңінде туындаған құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

3. Осы Келісімнің әрекеті тоқтатылғаннан кейін 6-баптың ережелері күшінде қалады.

200 жылғы "___" _____ қаласында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалық дана оның куәлендірілген көшірмесін Қазақстан және Ресей Тараптарына жолдайтын Украина Тарапында сақталады.

*Қазақстан
Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей
Федерациясының*

*Украина Министрлер
Кабинеті үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК